

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1149 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2006 жылғы 4 мамырда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы
Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі

Тараптар мемлекеттері арасындағы саяси, әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық немесе өзге де ынтымақтастық барысында онымен алмасу жүзеге асырылатын, сондай-ақ осындай ынтымақтастық процесінде қалыптасқан құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету ниетін негізге ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етудегі өзара мүдделерін ескере отырып,

1993 жылғы 22 қаңтардағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық құпияларының сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді іске асырудағы өзара мүдделілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Терминдер анықтамасы

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер мыналарды білдіреді:

"құпия ақпарат" - Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қорғалатын, осы Келісімде белгіленген тәртіппен берілген, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ынтымақтастығы процесінде қалыптасқан, оларды рұқсатсыз тарату Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне және мүдделеріне залал келтіруі мүмкін кез келген нысанда білдірілген мәліметтер;

"құпия ақпаратты жеткізгіштер" - қорғалатын құпия ақпарат нышандар, үлгілер,

белгілер, техникалық шешімдер және процестер түрінде өз көрінісін табатын материалдық объектілер, оның ішінде физикалық өрістер;

"құпиялылық дәрежесі" - құпия ақпараттың маңыздылығын, оған қол жеткізуді шектеу деңгейін және оны Тараптар мемлекеттерінің қорғау деңгейін сипаттайтын санат, оның негізінде құпиялылық белгісі қойылады;

"құпиялылық белгісі" - олардың жеткізгішінде болатын, жеткізгіштің өзінде және (немесе) оған ілеспе құжаттамада қойылатын мәліметтердің құпиялық дәрежесі туралы к у ә л а н д ы р а т ы н деректемелер;

"уәкілетті орган" - мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауапты мемлекеттік орган;

"ұйым" - Тараптар мемлекеттерінің ынтымақтастығы процесінде берілетін немесе қалыптасқан құпия ақпаратты алуға, сақтауға, қорғауға, пайдалануға Тараптар уәкілеттік берген мемлекеттік орган немесе ұйым;

"құпия ақпаратқа рұқсат ету" - жеке тұлғалардың құпия ақпаратқа қол жеткізуге, ал ұйымның осындай ақпаратты пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге құқығын р е с і м д е у р ә с і м і ;

"құпия ақпаратқа қол жеткізу" - құпия ақпаратқа рұқсаты бар жеке тұлғаның о н ы м е н т а н ы с у п р о ц е с і ;

"келісім-шарт" - Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары арасында жасалатын, оның шеңберінде құпия ақпарат қалыптасатын немесе берілетін шарт.

2 - б а п

Құпия ақпарат

Мыналар құпия ақпарат болып табылады:

- Қазақстан Республикасында:

халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормаларына қайшы келмейтін тиімді әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел іздестіру және өзге де қызметті жүзеге асыру мақсатында таралуын мемлекет шектейтін мемлекеттік немесе қызметтік құпияларды құрайтын, мемлекет қорғайтын мәліметтер.

Құпия ақпараттың рұқсатсыз таратылуы салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың немесе ел экономикасы салаларының мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін залалға қарай көрсетілген құпия ақпаратты жеткізгіштер үшін оларға тиісті құпиялылық б е л г і л е р і б е л г і л е н д і :

"Аса маңызды" - әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметі саласындағы, таралуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін мәліметтер;

"Өте құпия" - әскери, сыртқы саяси, экономикалық ғылыми-техникалық, барлау,

қарсы барлау және жедел іздестіру қызметі саласындағы, таралуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттік органының немесе ел экономикасы саласының мүдделеріне санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін мәліметтер;

"Құпия" - мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, таралуы немесе жоғалуы әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру қызметіндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне залал келтіруі мүмкін жекелеген деректер сипатындағы өзге де мәліметтер.

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мемлекеттік құпияларға жатады. "Аса маңызды" және "өте құпия" белгілері бар ақпарат мемлекеттік құпияға, "құпия" белгісі барлары қызметтік құпияға жатады.

- Тәжікстан Республикасында:

қорғаныс, экономика, сыртқы қатынастар, мемлекеттік қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау саласындағы мемлекет қорғайтын, таралуы Тәжікстан Республикасының қауіпсіздігіне залал келтіруі мүмкін мәліметтер.

Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер аса маңызды, өте құпия және құпия мәліметтерге бөлінеді:

"Аса маңызды" - қорғаныс, экономика, сыртқы қатынастар, мемлекеттік қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау саласындағы, таралуы Тәжікстан Республикасының қауіпсіздігіне санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін мәліметтер;

"Өте құпия" - қорғаныс, экономика, сыртқы қатынастар, мемлекеттік қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау саласындағы, таралуы Тәжікстан Республикасының министрліктерінің (ведомстволарының) немесе экономикасы саласының мүдделеріне санамаланған салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін мәліметтер;

"Құпия" - таралуы қорғаныс, экономика, сыртқы қатынастар, мемлекеттік қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың мүдделеріне залал келтіруі мүмкін мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер қатарындағы өзге де мәліметтер.

3 - б а п

Құпиялылық дәрежелерінің салыстырмалылығы

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес құпиялылық дәрежелері мынадай түрде салыстырылады деп белгілейді:

Орыс тілінде	Қазақстан	Тәжікстан
Республикасында	Республикасында	
"Особой важности"	"Аса маңызды"	"Фавкулудда мухим"

"Совершенно
секретно"

"Өте құпия"

"Камилан махфй"

"Секретно"

"Құпия"

"Махфй"

4 - б а п

Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес:

- 1) екінші Тарап берген немесе Тараптар ынтымақтастығының процесінде қалыптасқан құпия ақпаратты қорғауға;
- 2) берген Тарап қойған құпиялық белгісін оның жазбаша келісімінсіз өзгертпеуге ;
- 3) құпия ақпаратпен жұмыс істеу кезінде осы Келісімнің 3-бабына сәйкес құпиялық дәрежесімен салыстырылатын өзінің құпия ақпаратына қатысты пайдаланылатын нақ сондай қорғау шараларын қабылдауға;
- 4) екінші Тарап мемлекетінің ұйымынан алынған құпия ақпаратты оны беру кезінде көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;
- 5) берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші Тараптың құпия ақпаратқа қол жеткізуін болдырмауға міндеттенеді.

2. Құпия ақпаратқа қол жеткізуге осы ақпаратты білу оларды беру немесе бірлесіп әзірлеу кезінде көзделген мақсаттарда қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті адамдарға ғана рұқсат етіледі. Құпия ақпаратқа қол жеткізуге құпия ақпаратқа тиісті рұқсаты бар адамдарға ғана беріледі.

3. Қажет болған жағдайда құпия ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі міндеттемелер және оны қорғау жөніндегі шаралар егжей-тегжейлі жазылатын құпия ақпаратты қорғау жөніндегі қосымша талаптар белгілі бір қызмет түріне арналған келісім-шарттарға енгізіледі.

5 - б а п

Құпия ақпаратты беру

1. Бір Тараптың ұйымы құпия ақпаратты екінші Тарап мемлекетінің ұйымына беруге ниеттенген жағдайда, ол алдын ала екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органынан құпия ақпаратты алуды көздеп отырған ұйымда тиісті рұқсаттың болуы туралы жазбаша растауды сұратады.

2. Тараптар нақты құпия ақпаратты беру туралы шешімді әрбір жекелеген жағдайда Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қабылдайды.

3. Құпия ақпаратты бір Тарап мемлекетінен екінші Тарап мемлекетіне беруді фельдъегерлік қызмет немесе Тараптар мемлекеттерінің арасында қолданылып жүрген келісімдерге сәйкес өкілеттік берілген өзге де қызмет дипломатиялық арналар бойынша жүзеге асырады. Тиісті ұйым құпия ақпаратты алғандығын жазбаша растайды.

4. Ауқымды көлемдегі құпия ақпаратты тасымалдау үшін тиісті ұйымдар әрбір жекелеген жағдайда тасымалдау тәсілдерін, ілесіп жүру бағытын және нысанын

б е л г і л е й д і .

Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары мұндай тасымалдаулардың әрбір жағдайы туралы тиісті ақпаратпен алмасады.

5. Техникалық құралдары пайдалана отырып құпия ақпаратты беру кезінде тиісті ұйымдар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес оны қорғау бойынша келісілген шаралар қабылдайды.

6 - б а п

Құпия ақпаратпен жұмыс істеу

1. Берілген құпия ақпаратты оны алу үшін жауапты ұйым осы Келісімнің 3-бабына сәйкес салыстырылатын құпиялылық белгілермен қосымша белгілейді.

Құпиялылық белгілерімен белгілеудің міндеттілігі Тараптар мемлекеттерінің ынтымақтастығы процесінде, аудару, көбейту немесе тираждау нәтижесінде қалыптасқан құпия ақпаратқа қолданылады.

Берілген құпия ақпарат негізінде қалыптасқан құпия ақпаратқа берілген құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесінен төмен болмайтын құпиялылық дәрежесі қ о й ы л а д ы .

2. Қалыптасқан немесе берілген құпия ақпарат Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында өздерінің құпия ақпараты үшін көзделген тәртіппен сақталады және е с е п к е а л ы н а д ы .

3. Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесін ұйым оны берген Тарап мемлекетінің тиісті ұйымының жазбаша рұқсаты бойынша ғана өзгертуі немесе алып тастауы мүмкін .

Тараптардың ынтымақтастығы процесінде қалыптасқан құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі Тараптар мемлекеттері ұйымдарының өзара келісімі бойынша айқындалады, өзгертіледі немесе алынып тасталады.

Құпия ақпаратты берген Тарап мемлекетінің ұйымы екінші Тарап мемлекетінің тиісті ұйымын мүмкіндігінше қысқа мерзімде оның құпиялылық дәрежесін өзгерту немесе алып тастау туралы хабардар етуге міндетті.

4. Құпия ақпаратты жеткізгіштер оларды берген Тарап мемлекеті ұйымының жазбаша хабарламасы бойынша қайтарылады немесе жойылады.

Құпия ақпаратты және оны жеткізгіштерді көбейту (тираждау) оны берген Тарап мемлекеті ұйымының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

Құпия ақпаратты жою құжатталады, ал жою процесінің өзі оның кейіннен қалпына келтірілмейтінін кепілдендіруге тиіс.

7 - б а п

Келісім-шарттар

Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары жасасатын келісім-шарттарға жеке бөлім енгізіледі, онда мыналар айқындалады:

1) қалыптасқан және берілетін құпия ақпараттың тізбесі және оның құпиялылық

д ә р е ж е л е р і ;

2) қалыптасқан және берілетін құпия ақпаратты қорғау ерекшеліктері, пайдалану ш а р т т а р ы ;

3) даулы жағдайларды шешудің және қалыптасқан және берілетін құпия ақпаратты рұқсатсыз таратудан болуы мүмкін залалды өтеудің тәртібі.

8 - б а п

Уәкілетті органдар

1. Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауапты уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Кеңсесі

Тәжікстан Республикасында - Тәжікстан Республикасы Үкіметінің

жанындағы Мемлекеттік құпияларды

қорғау жөніндегі бас басқарма

2. Ынтымақтастық сипатына қарай Тараптар осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауапты өзге де ведомстволарды тағайындай алады, бұл туралы олар бір-бірін дипломатиялық арналар бойынша хабардар етеді.

9 - б а п

Консультациялар

1. Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары осы Келісімді орындау үшін қажетті көлемде Тараптар мемлекеттерінің құпия ақпаратты қорғау саласындағы тиісті заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен алмасады.

2. Осы Келісімді орындау кезінде ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары олардың бірінің өтініші бойынша бірлескен консультациялар өткізеді.

1 0 - б а п

Сапарлар

1. Бір Тарап мемлекетінің ұйымдары өкілдерінің екінші Тарап мемлекетінің құпия ақпаратына қол жеткізуді көздеген сапарлары қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Мұндай сапарларға рұқсат осы Келісімнің 4-бабында көрсетілген адамдарға ғана беріледі.

2. Мұндай сапарлардың мүмкіндігі туралы өтініш болжанып отырған сапар мерзіміне дейін кемінде 30 күннен кешіктірмей жіберіледі.

Мұндай сапарлардың мүмкіндігі туралы өтініш қабылдаушы Тарап мемлекетінде қабылданған рәсімдерге сәйкес жасалады және мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

келушінің тегі мен аты, туған күні мен жері, азаматтығы және паспортының нөмірі;

келушінің мамандығы мен лауазымы, ол жұмыс істейтін ұйымның атауы;

тиісті құпиялылық дәрежесіне сәйкес келетін құпия ақпаратқа рұқсатының болуы;

болжанып отырған келу күні және сапардың жоспарланып отырған ұзақтығы,

оларда болу жоспарланып отырған ұйымдардың, объектілердің, қондырғылар мен үй-жайлардың атауы, сапардың мақсаты және өңделетін тақырыптарға қатысты барлық пайдалы нұсқаулар, сондай-ақ танысу болжанып отырған ақпараттың құпиялылық д е р е ж е с і ;

келушілердің кездесуі болжанып отырған адамдардың лауазымы, тегі және аты.

3. Бір Тарап мемлекеті ұйымының өкілдері екінші Тараптың тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратымен жұмыс істеу ережелерімен танысады және сапар барысында осы ережелерді сақтайды.

4. Келушілер қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген тәртіппен тіркелуге тиіс.

1 1 - б а п

Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды жүргізуге арналған шығыстар

Бір Тарап мемлекеті ұйымдарының құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды ұйымдастыруға және орындауға байланысты туындайтын шығыстарын екінші Тарап мемлекетінің ұйымдары өтемейді.

1 2 - б а п

Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды бұзу

Екінші Тарап мемлекетінің ұйымы берген құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуына әкеп соққан немесе осындай рұқсатсыз таратуды көздейтін құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар бұзылған жағдайда тиісті Тарап мемлекетінің уәкілетті органы екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органын дереу хабардар етеді, аумағында бұзушылық орын алған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қажетті тергеу жүргізуді қамтамасыз етеді және құпия ақпаратты берген Тарап мемлекетінің уәкілетті органын тергеу нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

1 3 - б а п

Басқа шарттарға қатысы

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету режимін реттейтін қазір бар халықаралық шарттар, егер олардың ережелері осы Келісімге қайшы келмесе, қолданыла береді.

Мұндай қайшылықтар анықталған жағдайда Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын басшылыққа ала отырып, оларды бірлесіп шешеді.

1 4 - б а п

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарының арасында консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі. Мұндай келіссөздер кезінде Тараптар осы Келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады.

Осы Келісімнің күшіне енуі, қолданылатын мерзімі, өзгеруі және қолданылуын тоқтатуы

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Өзара уағдаластық бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын және осы баптың 1 тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3. Осы Келісімнің қолданысы Тараптардың бірі екінші Тарапқа өзінің оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатылуы мүмкін.

4. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда Тараптардың ынтымақтастығы процесінде берілген немесе қалыптасқан құпия ақпаратқа қатысты құпиялылық белгісі алынбайынша, осы Келісімнің 4-бабында оны қорғау жөнінде көзделген шаралар қолданыла береді.

2006 жылғы 4 мамырда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін